

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 330	▲ 1,47%	▲ 7,9%
NASDAQ	21 054	▲ 1,95%	▲ 9,2%
DJIA	44 174	▲ 1,34%	▲ 4,2%
CBOE Volatility Index (VIX)	18	▼ -14,03%	▼ -2,3%
Еуропа			
FTSE 100	9 128	▲ 0,66%	▲ 10,5%
DAX	2 029	▲ 1,28%	▲ 19,0%
Азия			
Hang Seng	24 733	▲ 0,92%	▲ 26,0%
Nikkei 225	40 542	▼ -0,63%	▲ 1,6%
Shanghai SE	3 583	▲ 0,66%	▲ 9,8%
Қазақстан			
KASE	6 359	▼ -0,50%	▲ 12,0%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары сауда күнін өсіммен аяқтады: S&P 500 1,47%-ға өсіп, \$6 329,94,01 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 1,95%-ға көтеріліп, \$21 053,58 болды; DJI 1,34%-ға қымбаттап, \$44 173,64 деңгейінде жабылды. Сауда барысында S&P 500 индексінің барлық секторлары өсім көрсетті. Өсім бойынша көшбасшылар: Utilities (+1,8%), Consumer Discretionary (+1,7%) және Health Care (+1,5%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	8 542 750 930 704	▲ 1,3%	0,4%	▲ 24,7%
Consumer Discretionary	5 941 357 022 509	▲ 1,7%	1,3%	▲ 23,1%
Consumer Staples	3 324 184 873 629	▲ 0,6%	-0,2%	-4,8%
Energy	1 550 999 921 055	▲ 0,2%	-1,3%	-0,5%
Financials	7 721 255 611 180	▲ 1,4%	-0,7%	▲ 19,5%
Industrials	4 572 495 785 001	▲ 0,8%	0,6%	▲ 21,5%
Information Technology	18 491 562 357 102	▲ 1,4%	0,2%	▲ 28,9%
Materials	993 776 709 110	▲ 0,9%	-4,4%	-3,4%
Real Estate	1 049 196 252 239	▲ 0,7%	-1,0%	-3,0%
Utilities	1 207 294 119 345	▲ 1,8%	-7,6%	▲ 21,0%
Health Care	5 017 699 971 371	▲ 1,5%	-2,3%	▲ 8,5%

Дүйсенбі күні АҚШ-тың үш негізгі қор индексі де пайыздық өсім көрсетті, өйткені инвесторлар алдыңғы сессиядағы құлдыраудан кейін акцияларды белсенді түрде сатып алып, жұма күні жарияланған болжамнан әлсіздеу еңбек нарығы деректері аясында қыркүйек айында пайыздық мөлшерлемелің төмендеуін күту үміттерін арттырды.

«Бүгін біз нарықтағы төмендеу кезінде сатып алуға деген орташа қызығушылықты байқап отырымыз. Бұл – инвесторлар инвестициялық мүмкіндіктерді іздеп жатқанын көрсететін жақсы белгі», — деді Майк Диксон, Horizon Investments компаниясының зерттеулер мен сандық стратегиялар бөлімінің жетекшісі Шарлотт, Солтүстік Каролина.

«Еңбек нарығы күткендегіден әлсіздеу көрінуі біраз алаңдаушылық туғызуда. Алайда бұл жағдай пайыздық мөлшерлемелің төмендеуіне қатысты үміттің артуымен ішінара жұмсартылады. Қыркүйекте оның төмендеуі ықтималдығы едәуір жоғары».

Нарықтың бұл қалпына келуі аясында сыртқы саяси оқиғалар да инвесторлардың көңіл-күйіне әсер етті. Сол күні АҚШ президенті Дональд Трамп Үндістанның ресейлік мұнайды сатып алуы "Ресейдің әскери машинасын" қолдайды деген уәжбен үнді тауарларына салынатын кедендік баж салығын айтарлықтай арттыратынын жариялады. Жауап ретінде Нью-Дели Дональд Трамптың әрекетін «негізсіз және дәлелсіз» деп атап, ұлттық мүдделер мен экономикалық қауіпсіздікті қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынын мәлімдеді. Үндістан Ресейден мұнай импортын ішінара АҚШ пен басқа да батыс елдерінің жаһандық энергия бағасын тұрақтандыру жөніндегі ұсыныстары негізінде жүзеге асырғанын атап өтті.

Сол уақытта 39% көлеміндегі кедендік баж салығы енгізілуіне тап болған Швейцария Вашингтонға бұл жағдайдың салдарын жұмсарту үшін «неғұрлым тартымды сауда ұсынысын» ұсынуға дайын екенін білдірді. Швейцария билігі бұл жоғары тарифке таңғалып, болашақ әрекеттерді талқылау үшін шұғыл отырыс өткізуді жоспарлап отыр. Олар өз экспорттарының елеулі бөлігі АҚШ-қа алтын өңдеумен байланысты екенін, ал бұл саладағы пайда маржасы тым төмен екенін атап өтті.


Осы оқиғалармен қатар АҚШ-та екінші тоқсанға арналған есеп беру маусымы аяқталуға жақын қалды. Инвесторлар Walt Disney секілді компаниялардың есептерін асыға күтіп отыр — бұл есептер компания нәтижелерінің нарықтағы ағымдағы өсімді қолдай ала ма, соны бағалауға мүмкіндік береді. Дүйсенбі күні жекелеген акциялар айтарлықтай өсті: Spotify акциялары қыркүйек айынан бастап premium-подписка құнының өсуі туралы хабардан кейін 5%-ға қымбаттады — бұл компанияның нарықтағы орнына деген сенімді білдіреді. Сол сияқты, Tesla акциялары 2,2%-ға өсті — компания Илон Маскқа шамамен 29 миллиард доллар тұратын 96 миллион шектеулі акция бөлу туралы шешім қабылдады, бұл инвесторлардың компанияның стратегиялық басқаруына деген сенімін күшейтті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	337	-2%	23,2%
Банк ЦентрКредит	3 690	0%	61,0%
Kcell	3 380	-1%	0,0%
Казатомпром	22 301	-2%	9,0%
КазТрансОйл	808	0%	-1,8%
KEGOK	1 448	0%	-4,8%
Kaspi.kz	47 778	2%	-12,9%
КазМунайГаз	19 730	0%	34,9%
Эйр Астана	738	0%	-35,4%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	540,16	-0,42%	3,0%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,73	-1,24%	-23,4%
EUR/USD	1,1570	-0,12%	12,7%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.